



plans.label.author: Досанова Алтынай Азимжановна

plans.label.category: Әдебиеттік оқу

plans.label.class: 3-сынып

plans.label.section: Өнер

plans.label.theme: Мен де атқа міне аламын

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.8.1 эпизодтерді салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; 3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру 3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау/ сахналау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Шығарманың мазмұнын жоспар бойынша әңгімелейді Көпшілік оқушылар: Шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құрады Кейбір оқушылар: Оқиғаның дамуындағы өзгерістерді анықтайды
Тілдік мақсаттар:	Шабандоз,атәбзелдері
Күтілетін нәтиже:	Балаларға толық түсінуі
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен әңгімелейді <input type="checkbox"/> Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады <input type="checkbox"/> Мәтін бөліктеріне тақырып қойып, жоспар құрады <input type="checkbox"/> Оқиға барысында болған өзгерістерді анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	«Азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «еңбек пен шығармашылық» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін,білімді, білікті,рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал ету
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Өз ойын, пікірін білдіруде сөйлемдегі сөздердің байланысы, жалғау мен жұрнақты дұрыс қолдау арқылы қаза тілі пәнімен байланыс жасалады. Әлеуметтік ортада жол қауіпсіздік ережесін сақтау арқылы дүниетану пәнімен байланыс жасалады
Бастапқы білім:	Алан Маршалл (1902-1984)-ағылшын жазушысы және публицист.Алты жасынан бастап сал ауруына шалдығып, мүгедек болып қалған. Соған қарамастан жүзуді, атқа мінуді үйренген. «Мен шалшықтан секіріп аттай аламын» деп аталатын кітап жазды.

plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы	Ширату «Сәлемдесу» ойыны Оқушыларға белгі берілгенде бір -бірімен амандасады. Көзбен,қолмен, иықпен, тіземен, арқамен амандасады. Қимылды тез жасаулары керек Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... тіземен... арқамен Топтарға бөліну Балалардың түрлі түсті қалпақ таңдау арқылы топтарға бөлінеді. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсатымен таныстырылады. Бағалау критерийін бірлесе құрастырады	

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы	<p>Білу Алан Маршалл (1902-1984)-ағылшын жазушысы және публицист.Алты жасынан бастап сал ауруына шалдығып, мүгедек болып қалған. Соған қарамастан жүзуді, атқа мінуді үйренген. «Мен шалшықтан секіріп аттай аламын» деп аталатын кітап жазды. 1-тапсырма (Т,Ұ) «Мәтінмен жұмыс» әдісі Топтарға тапсырма беру -Мәтінді оқып, бірнеше бөліктерге бөлу.Әр бөлікке тақырып беріп, жоспар құру; -Әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтау; - Оқиғада болған өзгерістерді атайды; Саралау: Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі. ҚБ «Жарайсың! Өте жақсы! Керемет!» марапат сөздері арқылы бағалау. 2-тапсырма (Ж,ЖЖ) «Қағаздағы сұрақтар» әдісі Әрқайсысы қағаз қиындысына өзі білгісі келген немесе өзі жауап бергісі келген сұрақтарды жазып, қалташаға салады. Араластырылған сұрақтар еркін түрде қатысушыларға таратылып беріледі. Әркім өзіне түскен сұрақтарға жауап береді -Алан нені армандаған? -Боб неге өз атын берді? -Аланның әкесі туралы сен не ойлайсың? -Аланның іс-әрекетінен нені үйренуге болады? Саралау:Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тыңдайды. Таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі дамиды. ҚБ «Қол шапалақтау» 3-тапсырма (Т) «Ақылдың алты ойлау қалпағы»әдісі Ақ қалпақ-Әңгіме қалай аталады? Ол кімге қатысты айтылған? Әңгімені жазған кім? Қара қалпақ-Аланның өмірінде қандай қиындық болды? Сары қалпақ-Аланды сипатта. Ол алдына қандай мақсат қойды? Нені армандаған? Қызыл қалпақ-Аланның әкесінің соңғы сөзінде қандай мән бар? Жасыл қалпақ-Аланның әкесінің ақылы туралы сен не ойлайсың? Көк қалпақ-Аланның іс-әрекетінен не үйрендің? Саралау: Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады. ҚБ « Смайликтер» 4-тапсырма (Т) «Сурет сал» әдісі Әр топқа 7 минутта аталған тақырыпқа сәйкес бірлесе отырып сурет салу ұсынылады. Жұмысқа берілген қысқа уақыт шағын топтардың тез және үйлесімді жұмыс жүргізіп, кенеттен пайда болған ойларын суретке түсіруге жұмылдырады. Шағын топтардың салған суреттері бойынша ортада жалпы пікір алысады, оларды түсіндіреді. Саралау: Топтық тапсырмалар арқылы оқушылардың ынтасы артады.Өзіне сенімділігі аз оқушыға қолдау көрсетіледі.Барлық оқушылар бағаланады ҚБ «Бір-бірін бағалау» Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Өз жұмысында нені жақсарту керектігін анықтайды.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Рефлексия «Иық тірескен шеңбер» әдісі Оқушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді.. Кері байланыс Ағашқа жапырақтар ілу Жасыл-Бәрі түсінікті Сары-Түсінікті Қызыл-Түсінбегендерім бар</p>	
Рефлексия	<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсатына жеттім бе? Оқушылар не үйренді? Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма? Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма? Жоспарланған уақытты ұстандым ба? Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</p>	